

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған негізгі бағдарлары туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 11 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған негізгі бағдарлары бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтеріне макроэкономикалық саясатты жүргізу кезінде осы Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған негізгі бағдарларын ескеру ұсынылсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия макроэкономикалық саясат саласында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер іске асыратын шараларға талдау жүргізсін және мұндай шаралардың осы Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған негізгі бағдарларына сәйкестігін бағаласын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап құшіне енеді.

### **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

Армения

Республикасынан

Беларусь

Республикасынан

Қазақстан

Республикасынан

Қырғыз

Республикасынан

Ресей

Федерациясынан

Жоғары Еуразиялық  
экономикалық кеңестің  
2018 жылғы 14 мамырдағы  
№ 11 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған НЕГІЗГІ БАҒДАРЛАРЫ**

Осы құжат 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес әзірленген және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 28 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында айқындалған міндеттерді шешуге бағыталған.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2017 – 2018 жылдарға арналған негізгі бағдарларын мүше мемлекеттер макроэкономикалық саясат жүргізу кезінде ескерді, бұл келеңсіз сыртқы факторлар әсерінің салдарын еңсеруге және ұлттық экономикаларда жағдайды жақсартуға ықпал етті.

2015 – 2016 жылдары Одақта экономикалық белсендердің төмендегеннен кейін 2017 жылы оның біртіндеп қалпына келуі байқалды. Тұтынушылық сұраныстың өсуінің және мүше мемлекеттерде негізгі экспорттық тауарлар бағасының бір қалыпты жоғарылауының аясында жалпы Одақ бойынша өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік өндірісте өнім шығарудың өсуі, жук тасымалдары көлемдерінің және бөлшек сауда айналымының артуы байқалды.

Мүше мемлекеттердің үкіметтері мен ұлттық (орталық) банктарінің белсендерді экономикалық саясат жүргізуінің нәтижесінде сыртқы және ішкі жағдайлардың біршама жақсаруының аясында барлық мүше мемлекеттер экономикалық өсудің оң қарқынына қол жеткізді. Бұл ретте Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы экономикаларының өсу қарқыны орташа әлемдік мәндерден жоғары болды.

Ұлттық валюталардың айырбас бағамдарының икемділігін қолдау мүше мемлекеттерге сыртқы тепе-тендікті қамтамасыз етті және олардың экспорттының бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал етті. Тауарлардың сыртқы саудасының көлемі айтарлықтай өсті, бұл ретте экспорттық және импорттық құрамдастар салыстырмалы қарқындармен өсуде. Одақ шеңберінде тауарлардың өзара саудасы көлемінің ұлғаюы одан да маңызды болды, мұнда орташа және жоғары технологиялы өндірістер өнімінің экспортты мейлінше жоғары қарқынмен өсті.

Одақтағы макроэкономикалық жағдайдың жақсаруы оң экономикалық нәтижелердің қалыптасуына едәуір дәрежеде ықпал етті. Инфляцияға қарсы тиімді ұлттық шараларды іске асыру және Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында инфляция деңгейін төмендетуге бағытталған ұсынымдарын ескеру нәтижесінде көрсетілген елдердегі тұтыну бағаларының өсу қарқыны төмендеді. Сонымен бірге, Армения Республикасы және Қырғыз Республикасы ынталандыруышылық ақша-кредит саясатын іске асыру және тұтынушылық сұранысты қалпына келтіру салдарының дефляциясын еңсерді. Ұлттық және интеграциялық деңгейлердегі шаралар кешенін іске асыру нәтижесінде Одақтың әрекет ету кезеңінде алғаш рет инфляция көрсеткішінің Шартта белгіленген шекті есептік сандық мәнін (тұтынушылық бағалар индексі) барлық мүше мемлекеттердің сақтауы тіркелді.

Кейіннен мұше мемлекеттер экономикалық даму үшін қолайлар жасау мақсатында инфляцияны орнықты төмен деңгейде ұстап тұруға күш-жігер жұмсауды жалғастыратын болады.

2017 жылы бюджет саласында мұше мемлекеттердің көпшілігінде көрсеткіштердің жақсарғаны байқалды. Армения Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығы қысқарғаны тіркелді, ал Беларусь Республикасында шоғырландырылған бюджет профицитпен орындалды. Сонымен бірге, Комиссияның бағалауы бойынша, 2017 жылғы қорытындылар бойынша Армения Республикасында, Қазақстан Республикасында және Қырғыз Республикасында мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджеті тапшылығының Шартта белгіленген сандық мәнінен асып кету қаупі бар. Бұдан басқа, Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы мемлекеттік басқару секторының борышы көрсеткішінің Шартта белгіленген мәнінен асып кетуі мүмкін, оның өсуі мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығын және инвестициялық жобаларды қаржыландыру қажеттілігімен байланысты болды.

Мұше мемлекеттердің ағымдағы бюджеттік тепе-тендігін және мемлекеттік қаржының ұзак мерзімді орнықтылығын қамтамасыз етуі экономикалық дамуға бағытталған дәйекті экономикалық саясат жүргізу үшін қажетті шарт болып табылады.

Инвестициялық белсенділікті ынталандыру экономикаға қосымша ресурстар тартуға және мемлекеттік бюджеттің кіріс құрамасын арттыруға мүмкіндік беретін он экономикалық серпінді қолдаудың аса маңызды факторына айналуда. 2017 жылы мұше мемлекеттерде негізгі капиталға инвестициялаудың өсуі байқалды, алайда, нақты секторда инвестициялық жобаларды мемлекеттік қаржыландыру жоғары деңгейде қалып, мемлекеттік бюджеттерге түсетін жүктемені ұлғайтты. Бірінші кезекте, Одақта іскерлік ахуалды жақсарту есебінен мұше мемлекеттердің экономикасына жеке инвестициялар тартуды ынталандыруға бағытталған белсенді саясат жүргізу қажет.

Мұше мемлекеттердегі макроэкономикалық жағдайының тұрақталуы мен сауда жағдайының жақсаруы аясында "мүмкіндіктер терезесін" пайдалану және экономиканы жаңарту әрі нақты секторда өнімділікті арттыру бойынша күш-жігер жұмсау ерекше маңызға ие болуда. Экономиканың цифрлық өзгеруі, жаңа технологиялардың әзірленуі мен енгізілуі, адами капиталды және инфрақұрылымды дамыту мұше мемлекеттердің өндірістік әлеуетін арттыруға, нақты сектордың және мемлекеттік бюджет кірістерінің табыстырылғын арттыруға, халықтың әл-ауқатының және халықаралық деңгейде мұше мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал ететін болады.

Өндірістік әлеуетті дамыта отырып және өндірістердің тиімділігін арттыра отырып, әрбір мұше мемлекетте ішкі сұраныстың мүмкіндігі шектеулі екенін және өнімділікті арттыруды Одақта сыртқы сауда байланыстарын нығайту және ішкі нарықты дамыту арқылы қолдау қажеттігін ескеру қажет, бұл мұше мемлекеттердің шикізаттық емес

экспортын дамыту және экспорттың әлеуетін кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктердің қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2018 – 2019 жылдары мұше мемлекеттер экономикалық дамуына сыртқы жағдайлардың ықпалы, негізінен, әлемдік экономика қарқынының жедел өсу ықтималдығымен және шикізат нарықтарындағы бағалар серпінінің экономикалық жағдайға ықпалымен байланысты болады. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша осы кезеңде әлемдік экономиканың жыл сайынғы өсүі 3,9 пайыз деңгейінде болмақ. Сондай-ақ, Дүниежүзілік банктің болжамды бағалаударына сәйкес әлемдік экономика 2017 жылға қарағанда мейлінше жоғары қарқынмен өсетін болады деп болжануда. Мұше мемлекеттердің экономикасында құрылымдық өзгерістердің сақталуына байланысты шикізат бағаларының өзгеруінде тұрақсыздық ықпалының қаупі сақталады.

Бұл жағдайларда мұше мемлекеттердің экономикалық өсүін қалпына келтіру процесін жандандыру және орнықты экономикалық даму үшін негіз қалау экономикалық саясаттың орта мерзімді кезеңге арналған басым мақсаттарына айналуда

Осыған байланысты, мұше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2018 – 2019 жылдарға арналған негізгі бағдарлары орта мерзімді кезеңде Одақта экономикалық өсу қарқынының 2 пайыздан төмен болмауына қол жеткізуге және инфляцияның көрсеткіштерін ұлттық бағдарларға шамалас не сол шекте ұстауға ұмтылу болмақ.

Межеленген макроэкономикалық бағдарларға қол жеткізу мына бағыттар бойынша ұлттық және интеграциялық шараларды іске асыруды көздейді.

Колайлы макроэкономикалық жағдайлар жасау, соның ішінде:  
бага орнықтылығын қамтамасыз ету;  
инфляциялық ықтималдықты төмендету мақсатында мұше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің саясатына сенімді арттыру;

мұше мемлекеттер көрсетілген макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндерін арттырған жағдайда, Комиссияның шоғырландырылған бюджеттің тапшылығын және мемлекеттік басқару секторының қарызын төмендетуге бағытталған ұсынымдар әзірлеуі;

мемлекеттік қаржының экономиканың кезеңдік ауытқуына және сыртқы экономикалық конъюнктураға тәуелділігін азайту, соның ішінде мұше мемлекеттердің бюджеттік қағидаларын жетілдіру жолымен азайту тәсілдерін әзірлеу;

орта мерзімді перспективада біртіндеп бюджеттік шоғырландыруды қамтамасыз ету;

мұше мемлекеттердің мемлекеттік қаржының борыштық орнықтылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауы.

Инвестициялық белсенділікті ынталандыру және іскерлік ахуалды жақсарту, соның ішінде:

орта мерзімді кезеңде мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне салық жүктемесін орнықты және экономикалық негізді деңгейде ұстау;

инвестициялық белсенділікті ынталандыруға бағытталған тиімді салық женелдіктерінің, шегерулердің және басқа да тетіктердің тиімді жүйесін жасау;

құқықтық реттеуді жетілдіру және мемлекеттік жобалардың, соның ішінде, мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттары негізінде, жеке капиталды тартудың тиімді және өзара қолайлы тетіктерін практикаға енгізу;

шағын және орта бизнесің қаржылық мүмкіндіктерін жақсарту мақсатында ұжымдық және венчурлік инвестициялау тетіктерін дамыту;

ұзақ мерзімді кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыру мүмкіндіктерін кеңейту, соның ішінде ұлттық және өңірлік даму институттарын тарта отырып кеңейту;

бизнесті жүргізу үшін институционалдық ортаны жақсарту.

Экономиканың нақты секторында өнімділікті арттыру үшін жағдайлар жасау, соның ішінде:

мүше мемлекеттердің өнімділікті арттыруға бағытталған стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қабылдауы және іске асыруы;

өндіре өнеркәсібінің жоғары технологиялық салаларының оза дамуын ынталандыру;

мүше мемлекеттердің экономикасында құрылымдық өзгерістерді іске асыруды жалғастыру;

нақты секторда жаңғырту және инновациялық өнімдер мен технологияларды енгізу процестерін ынталандыру;

индустриялық инфрақұрылымды дамыту;

Одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру және мүше мемлекеттер экономикаларының әртүрлі салаларында цифрлық технологияларды енгізу;

мүше мемлекеттердің қатысуымен өнеркәсіп саласында мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру;

еңбек ресурстарының сапасын жақсарту және тиімді жұмыспен қамту мақсатында еңбекшілердің кәсіптік оқу, қайта оқу, біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін дамыту;

Одақ шенберінде еңбектегі және академиялық ұтқырлық саласында мүмкіндіктерді кеңейту.

Одақтың сыртқы сауда байланыстарын нығайту және ішкі нарығын дамыту, соның ішінде:

Одақтың ішкі нарығында кедергілерді анықтау және кезеңімен жою, сондай-ақ алып қоюларды және шектеулерді қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

тиімді кедендейк және өзге де бақылау түрлерін қамтамасыз ету жолымен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар өткізетін тауарларға қатысты Одақтың кедендейк шекарасында жасалатын операцияларды оңтайландыру;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдерінде белгіленген секторларда және мерзімдерде Одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын қалыптастыру;

Одақтың көліктік-логистикалық әлеуетін дамыту және оның транзиттік мүмкіндіктерін пайдалану;

экспорттың мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында үшінші елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі жұмысты жалғастыру;

экономикалық салада халықаралық ұйымдармен және өзге де интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылды тереңдету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК